Түркістан қаласы әкімдігінің дербес бөлімдеріне 2026 жылы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері бойынша
ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

Түркістан қаласы **25.06.2026 жыл**

Талданатын объект туралы мәлімет:
Түркістан қаласы әкімдігінің дербес бөлімдері:
1) Ішкі саясат бөлімі
2) Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі
3) Мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі
4) Бизнесті қолдау және туризм бөлімі
5) Инфрақұрылым және коммуникациялар бөлімі
6) Жер қатынастары бөлімі
7) Жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімі
8) Сәулет және қала құрылысы бөлімі
9) Тұрғын үй қатынастары бөлімі
10) Құрылыс бөлімі
11) Экономика және қаржы бөлімі

Талдау негізі:
Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңының 8-бабының 2 тармағына және ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазанындағы №12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес, Түркістан қаласы әкімінің 2026 жылғы 16 сәуірдегі «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу» туралы өкімі негізінде жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша құрылған жұмысшы топтың атқарған жұмыстарының нәтижесінде, төмендегідей сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталды:

1. Мүдделер қақтығысын реттеу;

- Тұрғын үй инспекциясы
- Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі
- Жер қатынастары бөлімі
- Сәулет және қала құрылысы бөлімі
- Мәдениет, тілдерді дамыту дене шынықтыру және спорт бөлімі
- Коммуналдық шаруашылық бөлімі

Жоғарыда аталған бөлімдерде мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу бойынша жауапты субъектінің айқындалмауы мүдделер қақтығысы жағдайларын уақтылы анықтау мен реттеуді қиындатып, нәтижесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауына ықпал етуі мүмкін.

Ұсыныс: *Әр бөлімде мүдделер қақтығысын реттейтін нақты регламенттер мен нұсқаулықтар әзірлеп, жауапты тұлғаны бекіту. Сонымен қатар қызметкерлерге мүдделер қақтығысын тану және хабарлау бойынша оқыту жүргізу.*

2) Түркістан қаласы әкімдігінің «Жер қатынастары бөлімі»

ҚР Жер кодексінің 20, 43-44, 48-баптардың нормаларында жер учаскелеріне құқық беру құзыреті, тәртібі, сондай-ақ құқық беруден бас тарту негіздері нақты айқындалған.

Алайда Түркістан қаласы әкімдігінің жер қатынастары бөлімінде Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі мен Жер кодексі талаптарының сақталмауына байланысты заң бұзушылықтарға жол берілгені анықталған.

1) Атап айтқанда, әкімшілік актілерді қабылдау барысында өтініштерді қарау рәсімдері толық сақталмаған, жер учаскесін беруден бас тарту туралы шешімдерде заң нормаларына нақты сілтемелер мен жеткілікті құқықтық негіздемелер көрсетілмеген.

2) Ұсынылған құжаттарды жан-жақты зерделемеу, өтініш иелерін заңда белгіленген мерзімде хабардар етпеу, жер учаскесінің құқықтық мәртебесін дұрыс айқындамау, қала құрылысы құжаттарын қате қолдану және шешімдерді қабылдау кезінде процестік талаптарды бұзу фактілері орын алған.

3) Жеке және заңды тұлғалардың арыз-шағымдарын заңмен белгіленген тәртіпте қарап, заң бұзушылықтардың алдын алуға әрекет жасалмағаны анықталды.

Ұсыныс: *Жер қатынастары бөлімінде мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібін қатаң бақылауға алу және жұмыс уақыты туралы ақпараттарды ашық көрсету. Сонымен қатар азаматтар тарапынан келіп түсетін шағымдар негізінде ішкі бақылау шараларын тұрақты жүргізу.*

3) Түркістан қаласы әкімдігінің «Тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі»

1) Түркістан қаласы әкімдігінің «Тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі тарапынан уақытша басқарушы компанияны айқындау жөніндегі конкурс рәсімдерін ұйымдастыру кезінде 2025 жылғы 10 маусымда жарияланған конкурс қорытындысы бойынша

2025 жылғы 9 шілдеде «Түркістан үйлерді басқару компаниясы» ЖШС жеңімпаз болып танылып, 2025 жылғы 1 тамызда қызмет көрсету туралы шарт жасалған.

Алайда, Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының 2025 жылғы 12 қыркүйектегі №5194-25-00-4/860 шешімімен конкурс қорытындылары заңсыз деп танылып, күші жойылған, сондай-ақ жасалған шарт жарамсыз деп танылған.

Ұсыныс: Конкурс өткізу барысында мүдделер қақтығысының алдын алу және комиссия мүшелерінің тәуелсіздігін қамтамасыз ету бойынша қосымша бақылау тетіктерін енгізу. Конкурс рәсімдерін ұйымдастырудың ішкі бақылау жүйесін жетілдіру, комиссия жұмысының ашықтығын күшейту және заң талаптарының сақталуына тұрақты мониторинг жүргізу қажет.

4) Түркістан қаласы әкімдігінің «Сәулет және қала құрылысы бөлімі»

1) Мекеменің ережесінің 2 тармағында Түркістан қаласы әкімдігінің «Сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ деп көрсетілген. Алайда мекеменің қарамағында бағынысты болып табылатын Түркістан қаласы әкімдігінің «Сәулет және қала құрылысы бөлімінің» «Түркістан Урбанистика орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі көрсетілмеген.

2) Ереженің 20 тармағында Қолданыстағы заңнамаға сәйкес Сәулет және қала құрылысы бөлімінің мамандарын, Түркістан қаласы «Түркістан Бас жоспары» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директорын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады деп қате көрсетілген.

3) Ереженің 29 тармағының 1) тармақшасында Сәулет және қала құрылысы бөлімі және оның ведомстволарының қарамағындағы ұйымдардың тізбесінде Түркістан қаласы «Түркістан бас жоспары» коммуналдық мемлекеттік мекемесі көрсетілген. Алайда, осы көрсетілген мекеме мүлдем жоқ екені анықталды.

Жоғарыда көрсетілген кемшіліктер мекеменің ережесін қалыптастыру кезінде формальды тәсілді көрсетеді және уақытылы өзектендірілмейтінін байқатады. Осылайша, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 01 қыркүйектегі №590 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік орган туралы ережені әзірлеу және бекіту жөніндегі нұсқаулықтың 5-тармағының талаптары сақталмаған.

Ұсыныс: Түркістан қаласы әкімдігінің сәулет және қала құрылыс бөлімінің Ережесін қолданыстағы заңнамаға және нақты ұйымдық құрылымына сәйкес қайта қарап, ондағы ескірген және шындыққа сәйкес

келмейтін мәліметтерді жою, лауазымды тұлғалардың өкілеттіктерін нақтылау және Ережені тұрақты негізде өзектендіру тәртібін енгізу ұсынылады.

6) Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану;

1) Барлық дербес бөлімдерде талап етілмеген ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалануға енгізілмеген ақпараттық жүйелерді пайдалану *(«What's App», «Mail.ru», «Facebook. com» т.с.с хат алмасуға арналған әлеуметтік желілерді пайдалану)* деректері анықталды.

Талап етілмеген немесе енгізілмеген ақпараттық жүйелерді әзірлеу мен пайдалану, мемлекеттік қызмет сапасына, ақпараттық қауіпсіздікке қауіп қатер туғызуы мүмкін.

7) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты ұйымдастыру бағыты бойынша;

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру – бұл мемлекеттік органның немесе ұйымның заңмен бекітілген міндеттерінің бірі болып табылады. Алайда бұл бағыттағы жүйелі және нақты іс-шаралардың жүргізілмеуі ұйым ішінде тәртіп пен бақылаудың әлсіреуіне, шешім қабылдау процесінде мүдделер қақтығысы мен бейресми ықпал етудің орын алуына алып келеді. Мұндай жағдайлар басқарушылық сапаның төмендеуіне және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін туындауына себеп болады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты ұйымдастыру бағыты бойынша бөлім қызметкерлері үшін түсіндіру және оқыту іс-шаралары жеткіліксіз жүргізілген бөлімдер:

- **Тұрғын үй қатынастары және инспекциясы :** бөлім қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша түсіндіру және оқыту іс-шаралары толық жүргізілмеген, 2026 жылға жоспар бекітілімеген.
- **Мәдениет, тілдерді дамыту дене шынықтыру және спорт бөлімі:**

1) Сыбайлас жемқорлық фактілері анықталған жағдайда хабарлау *(әдіснама немесе ақпараттық тақтаның болмауы)* тәсілдері мен арналарының болмауы.

- **Коммуналдық шаруашылық бөлімі:** бөлім қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша түсіндіру және оқыту іс-шаралары мүлдем жүргізілмеген, 2026 жылға жоспар бекітілімеген.

Ұсыныс: Бөлім қызметкерінің міндетіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі функциялары бойынша жауапты тұлға бекітіліп, мекеме қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша түсіндіру және оқыту іс-шараларын деңгейін жоғарылату.

Мекемелерде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөнінде жүргізілетін іс-

шаралардың деңгейін жоғарылатып, өткізілетін отырыстарды ресми талаптарды орындау (формализм алдын алу) үшін емес нақты нәтижеге қарай жұмысты жандандыру.

Түркістан қаласы
әкімі аппаратының басшысы **Қ. Әлібеков**